

Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілерін өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2014 жылғы 21 қарашадағы № 103 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 22 желтоқсанда № 9988 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 11.01.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілерін өткізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (Е.Б. Қанағатов) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың мерзімді баспа басылымдарында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялануын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің
міндетін атқарушы

Т. Есентаев

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің
міндетін атқарушының
2014 жылғы 21 қарашадағы
№ 103 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілерін өткізу қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 21.04.2017 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілерін өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілерін өткізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілері балалар, жастар, ересек халық үшін (бұдан әрі – жеке тұлғалар) өткізіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілері, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалардың дене дайындығына қойылатын нормативтерден тұрады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілерінің құрылымы

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Нормативтер күшті, шыдамдылықты, жылдамдылықты, икемділік пен ептілікті көрсететін дене жаттығулар түрлерін қамтиды. Дене жаттығуларының түрлері жеке тұлғаның жасына қарай сатылап айқындалады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.11.2017 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Нормативтер нәтижелері үш деңгейге бөлінеді:

- 1) президенттік дайындық деңгейі;
- 2) ұлттық дайындық деңгейі;
- 3) бастапқы дайындық деңгейі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.11.2017 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілерін өткізу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілеріне дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қарсы көрсетілімдері жоқ жеке тұлғалар қатысады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Дене жаттығуларының түрлері осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген:

1) жүгіру (30, 60, 100, 500, 1000 метр) - стадионның жүгіру жолында немесе кез келген тегіс жерде және жеңіл атлетика қағидаларына сәйкес өткізіледі;

2) орнында тұрып ұзындыққа секіру - ашық және жабық кешендердегі кез келген тегіс жерде өткізіледі;

3) биік кермеде тартылу бастапқы қалыпта жоғарыдан ұстай асылып, аяқты еденге (жерге) тигізбей орындалады. Кермеден иек жоғары өтіп және бастапқы қалыпқа қайтып оралған кезде жаттығу орындалған болып есептеледі. Жаттығуды орындау кезінде қолдарды айқастыруға болмайды;

4) кеудені көтеру шалқалап жатқан қалыпта, аяқ тізеден 90 градус бұрышқа бүгіліп, алақан иықта және табаннан серіктестің ұстап тұруымен орындалады;

5) Тегіс жерлерде жүгірудің қашықтығы саябақ, орман аумағында немесе қандай да болмасын ашық жерде өтеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 11.01.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру даярлығына президенттік тестілерін тапсыру ауа-райына байланысты далада немесе жабық спорттық кешендерде өткізіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Президенттік дайындық деңгейі және ұлттық дайындық деңгейінің нормативтерін орындаған жеке тұлғалар мынадай айырым белгісі бар төсбелгімен және оларға куәліктермен марапатталады:

1) осы Қағидаларға 2 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша президенттік дайындық деңгейінің нормативтерін орындағаны үшін;

2) осы Қағидаларға 3 және 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ұлттық дайындық деңгейінің нормативтерін орындағаны үшін.

Бастапқы дайындық деңгейінің нормативтерін орындаған жеке тұлғаларға осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сертификат беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.11.2017 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Президенттік дайындық деңгейі мен ұлттық дайындық деңгейінің айырым белгісі бар төсбелгісін және олардың куәліктерін, сонымен бірге бастапқы дайындық деңгейін орындаған жеке тұлғаларға куәлік дайындау және оны сатып алу дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның бөлген бюджеттік қаражаты шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.11.2017 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
халқының дене шынықтыру
даярлығына президенттік
тестілерін өткізу қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-саты "Шымырлық пен ептілік" Балаларға арналған дене жаттығуларының түрлері (9-10 жастағылар)

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 11.01.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

p/c №	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар
1.	Жүгіру 30 м.	сек.	5,2	5,2	5,4	5,4	5,6	5,6
2.	Жүгіру 500 м.	мин. сек.	1.55	2.05	2.00	2.10	2.10	2.20

3.	Алға қарай еңкею	см.	+9	+12	+5	+9	+3	+6
4.	Жүгіру 1 шақырым	мин. сек.	4.40	5.0	4.50	5.10	5.0	5.20

1-саты "Шымырлық пен ептілік" Балаларға арналған дене жаттығуларының түрлері (11-13 жастағылар)

Р/с №	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар
1.	Жүгіру 60 м.	сек.	8,9	9,3	9,3	9,7	10,2	10,5
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	4.15	4.45	4.35	4.55	4.45	5.00
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	210	195	200	175	180	165
4.	Тартылу	р/с	11	-	9	-	5	-
	Арқада жатып кеудесін көтеру	б і р минуттағы саны	-	40	-	35	-	25
5.	Жүгіру 2 шақырым	мин. сек.	11.30	12.30	12.30	13.30	14.00	15.00

2-саты "Спорт ізбасарлары" Балаларға арналған дене жаттығуларының түрлері (14-15 жастағылар)

Р/с №	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар
1.	Жүгіру 60 м.	сек.	8,0	9,0	8,2	9,2	9,2	10,0
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	4.00	4.30	4.20	4.45	4.30	4.55
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	220	200	210	185	190	175
4.	Тартылу	р/с	14	-	12	-	8	-
	Арқада жатып кеудесін көтеру	б і р минуттағы саны	-	45	-	40	-	35

5.	Жүгіру 3 км. (ұлдар), 2 км. (қыздар)	мин. сек.	11.30	9.30	14.30	10.30	15.30	11.30
----	--------------------------------------	-----------	-------	------	-------	-------	-------	-------

3-саты "Күш пен батылдық" Жастарға арналған дене жаттығуларының түрлері (16-17 жастағылар)

р/с №	Бақылау жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар	ұлдар	қыздар
1.	Жүгіру 100 м.	сек.	13,0	15,4	14,0	15,8	14,5	16,5
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	3.15	4.25	3.30	4.35	3.45	4.50
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	265	210	250	200	225	180
4.	Тартылу	р/с	16	-	13	-	8	-
	Арқада жатып кеудесін көтеру	б і р минуттағы рет саны	-	55	-	50	-	40
5.	Жүгіру 3 км. (ұлдар), 2 км. (қыздар)	мин. сек.	11.15	9.15	14.15	10.15	15.15	11.15

4-саты "Шынығуды жетілдіру" Жастарға арналған дене жаттығуларының түрлері (18-23 жастағылар)

р/с №	Бақылау жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1.	Жүгіру 100 м.	сек.	13,0	15,5	13,5	16,0	14,0	16,5
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	3.10	4.20	3.20	4.30	3.35	4.40
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	260	200	245	190	220	170
4.	Тартылу	р/с	17	-	14	-	11	-
	Арқада жатып кеудесін көтеру	б і р минуттағы рет саны	-	50	-	45	-	40

5.	Жүгіру 3 км. (ерлер) , 2 км. (әйелдер)	мин. сек.	11.05	9.05	14.05	10.05	15.05	11.05
----	--	-----------	-------	------	-------	-------	-------	-------

4-саты "Шынығуды жетілдіру" Халыққа арналған дене жаттығуларының түрлері (24-31 жастағылар)

р/с №	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1.	Жүгіру 100 м.	сек.	13,5	16,0	14,0	16,5	14,3	16,8
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	4.00	4.45	4.30	5.00	4.45	5.30
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	250	190	235	180	225	175
4.	Тартылу	р/с	16	-	12	-	10	-
	Арқада жатып кеудесін көтеру	б і р минуттағы рет саны	-	45	-	40	-	35
	немесе тіреп жатып қолдарды иілту және жазу	б і р минуттағы рет саны	-	25	-	20	-	15
5.	Жүгіру 3 км. (ерлер) , 2 км. (әйелдер)	мин. сек.	12.00	9.00	12.30	9.50	13.40	10.35

4-саты "Шынығуды жетілдіру" Халыққа арналған дене жаттығуларының түрлері (32-39 жастағылар)

р/с №	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1.	Жүгіру 100 м.	сек.	13,8	16,3	14,3	16,8	14,6	17,1
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	4.30	5.00	5.00	5.30	5.20	5.45
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	245	185	235	175	220	170

	Тартылу	рет саны	14	-	11	-	9	-
4.	Арқада жатып кеудесін көтеру	б і р минуттағы рет саны	-	40	-	35	-	30
	немесе тіреп жатып қолдарды иілту және жазу	б і р минуттағы рет саны	-	23	-	18	-	13
5.	Жүгіру 3 км. (ерлер), 2 км. (әйелдер)	мин. сек.	12.20	9.30	12.50	10.10	14.00	10.45

5-саты "Сергектік пен денсаулық" Халыққа арналған дене жаттығуларының түрлері (40-49 жастағылар)

р/с №	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1.	Жүгіру 60 м.	сек.	12,2	13,0	13,5	14,4	13,8	14,8
2.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	4.35	5.00	5.10	5.40	5.30	5.50
3.	Тұрған орнынан ұзындыққа секіру	см.	230	180	220	170	210	160
4.	Тартылу	рет саны	12	-	10	-	7	-
	Арқада жатып кеудені көтеру	б і р минуттағы рет саны	-	35	-	30	-	25

5-саты "Сергектік пен денсаулық" Халыққа арналған дене жаттығуларының түрлері (50-59 жастағылар)

р/с №	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1.	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	4.40	5.10	5.15	5.45	5.40	6.00
2.	Тартылу	р/с	10	-	7	-	5	-
	Арқада жатып кеудесін көтеру	б і р минуттағы рет саны	-	35	-	30	-	25

5-саты "Сергектік пен денсаулық" Халыққа арналған дене жаттығуларының түрлері (60-69 жастағылар)

№ р/с	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1.	Жүгіру 500 м.	мин. сек.	-	2.30	-	2.45	-	3.00
	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	5.10	-	5.30	-	5.50	-
2.	Тартылу	рет саны	7	-	5	-	3	-
	Арқада жатып кеудені көтеру	б і р минуттағы рет саны	-	25	-	20	-	15

5-саты "Сергектік пен денсаулық" Халыққа арналған дене жаттығуларының түрлері (70 және одан да жоғары жастағылар)

№ р/с	Бақылау дене жаттығуы	Өлшем бірлігі	Президенттік дайындық деңгейі		Ұлттық дайындық деңгейі		Бастапқы дайындық деңгейі	
			ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1.	Жүгіру 500 м.	мин. сек.	-	2.55	-	3.10	-	3.25
	Жүгіру 1000 м.	мин. сек.	5.50	-	6.05	-	6.20	-
2.	Тартылу	рет саны	5	-	3	-	2	-
	Арқада жатып кеудені көтеру	б і р минуттағы рет саны	-	25	-	20	-	15

Ескертпе:

Президенттік дайындық деңгейі – президенттік дайындық деңгейінің нәтижелерімен екі дене жаттығуын орындау.

Ұлттық дайындық деңгейі – ұлттық дайындық деңгейінің нәтижелерімен екі дене жаттығуын орындау.

Бастапқы дайындық деңгейі – бастапқы дайындық деңгейі нәтижелерімен екі дене жаттығуын орындау.

Ескертпе:

Шартты қысқартулар: м. – метр; см. – сантиметр; мин. – минут; сек. – секунд; р/с – рет саны; у/е – уақытты есепке алмай; гр. – грамм.


Қазақстан Республикасы
халқының дене шынықтыру

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.


Президенттік дайындық деңгейдің айырым белгісі бар төсбелгісі нысаны

1-саты "Шымырлық пен ептілік"







2-саты "Спорт ізбасарлары"




3-саты "Күш пен батылдық"



4-саты "Шынығуды жетілдіру"



5-саты "Сергектік пен денсаулық"




Қазақстан Республикасы
халқының дене шынықтыру
даярлығына президенттік
тестілерін өткізу қағидаларына
3-қосымша


Ескерту. 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұлттық дайындық деңгейінің айырым белгісі бар төсбелгісінің нысаны


1-саты "Шымырлық пен ептілік"




2-саты "Спорт ізбасарлары"




3-саты "Күш пен батылдық"



4-саты "Шынығуды жетілдіру"



5-саты "Сергектік пен денсаулық"



Қазақстан Республикасы
халқының дене шынықтыру
даярлығына президенттік
тестілерін өткізу қағидаларына
4-қосымша

Президенттік дайындық деңгейдің айырым белгісі бар төсбелгісіне берілетін куәлік нысаны

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Беткі жағы

	МАРАПАТТАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК
--	---



Ішкі жағы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті № _____ куәлік	Комитет по делам спорта и физической культуры Министерства туризма и спорта Республики Казахстан Удостоверение № _____
_____ (тегі)	_____ (фамилия)
_____ (аты)	_____ (имя)
_____ (әкесінің аты (болған жағдайда))	_____ (отчество (при наличии))
Қазақстан Республикасы халқының дене дайындығының президенттік тестілерінің президенттік дайындық деңгейінің нормативтерін орындағаны үшін айырым белгісі бар төсбелгісімен марапатталды	Награжден нагрудным знаком отличия за выполнение нормативов президентского уровня готовности президентских тестов физической подготовленности населения Республики Казахстан
саты " _____ "	_____ степень " _____ "
20 _____ жылғы " _____ " _____ № _____ бұйрық	Приказ № _____ от " _____ " _____ 20 _____ года
Төраға _____ / _____ / (қолы) мөрдiң орны	Председатель _____ / _____ / (подпись) место печати

Қазақстан Республикасы
халқының дене шынықтыру
даярлығына президенттік
тестілерін өткізу қағидаларына
5-қосымша

Ұлттық дайындық деңгейдің айырым белгісі бар төсбелгісіне берілетін куәлік нысаны

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Беткі жағы

МАРАПАТТАУ ТУРАЛЫ
КУӘЛІК



Ішкі жағы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті № _____ куәлік	Комитет по делам спорта и физической культуры Министерства туризма и спорта Республики Казахстан Удостоверение № _____
(тегі)	(фамилия)
(аты)	(имя)
(әкесінің аты (болған жағдайда))	(отчество (при наличии))
Қазақстан Республикасы халқының дене дайындығының президенттік тестілерінің ұлттық дайындық деңгейінің нормативтерін орындағаны үшін айырым белгісі бар төсбелгісімен марапатталды саты _____ " _____ " _____ 20 _____ жылғы " _____ " _____ № _____ бұйрық Төраға _____ / _____ / (қолы) мөрдін орны	Награжден нагрудным знаком отличия за выполнение нормативов уровня национальной готовности президентских тестов физической подготовленности населения Республики Казахстан _____ степень " _____ " _____ Приказ № _____ от " _____ " _____ 20 _____ года Председатель _____ / _____ / (подпись) место печати

Қазақстан Республикасы
халқының дене шынықтыру
даярлығына президенттік
тестілерін өткізу қағидаларына
6-қосымша

Бастапқы дайындық деңгейдің нормативтерін орындағаны үшін жеке тұлғаларға арналған сертификат нысаны

Ескерту. Қағида 6-қосымшамен толықтырылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.11.2017 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 12.06.2025 № 89 (16.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Беткі жағы

	СЕРТИФИКАТ
Ішкі жағы	
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті № _____ сертификат	Комитет по делам спорта и физической культуры Министерства туризма и спорта Республики Казахстан Сертификат № _____
(тегі)	(фамилия)
(аты)	(имя)
(әкесінің аты (болған жағдайда))	(отчество (при наличии))

Қазақстан Республикасы халқының дене дайындығының президенттік тестілерінің бастапқы дайындық деңгейінің нормативтерін орындағаны үшін берілді 20__ жылғы "___" _____ № ____ бұйрық Төраға _____ / _____ / (қолы) мөрдiң орны	Выдан за выполнение нормативов начального уровня готовности президентских тестов физической подготовленности населения Республики Казахстан Приказ № ____ от "___" _____ 20__ года Председатель _____ / _____ / (подпись) место печати
---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК